

«Бекітемін»
«Компания Армантай» бөбекжай
бақшасының меңгерушісі
Л.Р.Усебова



«Ойлайық та ойнайық»

*1ден-10ға дейін сандарды тура
және кері санау*



Тәрбиеші: Юнусметова Ш

Шымкент 2021ж

Білім беру саласы:Таным

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Математика

Тақырыбы:Ойлайық та ойнайық 1-ден 10 ға дейін тура және кері санау.

Мақсаты:1-ден 10ға дейін сандар қатарымен таныстыру.Тура және кері санау.Логикалық ой өрісін дамыту,есепке қызығушылығын арттыру.Айтқанда мұқият тыңдауға, өзгенің ойымен келісе білуге, сипайы бала білуге, адамгершілікке тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: Сандар, суреттер,карандаштар, ақ парак.

Мотивациялық қозғаушы

Алақанды ашайық

Күн сәулесін алайық

Жүрекке жылу салайық

Бір-бірімізге сыйлайық.

Ән айтуға барамыз

Досымызды табамыз

Сәлеметсінбе міне мен.

Доспын енді сені мен.

Тәрбиеші:Жарайсындар балалар.

Балалар бүгінгі жаңа оқу қызметіміздің тақырыбы: «Ойлайық та ойнайық».Математика оқу-қызметімізде 1-10 ға дейінгі сандарды тура және кері санауды үйренеміз.Балалар бүгінгі оқу қызметімізге қонақтар келген.Қонақтар сендердің білімдеріңізді,тәртіптеріңді байқамақшы,олай болса сабаққа белсенді қатысайық.

Балалар бір жылда неше мезгіл бар?(төрт мезгіл)

Қазыр жылдың қай мезгілі?(қыс)

Қыс мезгілінің айларын атаймыз (Желтоқсан, қаңтар , ақпан)

-Балалар, 1 аптада неше күн бар?

Балалар:1 аптада жеті күн бар(атауларын атайды)

Тәрбиеші:Балалар апта күндеріне байланысты жұмбақ жасырамын

1.Бір аптада жеті күн болса,сол күнді мен бастаймын(Дүйсенбі)

2.Сейсенбі,Сәрсенбі күнде өтті менде келдім.Бұл қай апта күні (Бейсенбі)

3.Жұма мен сенбіде өтті.Барлық жұрт демалды.Бұл қай апта күні(Жексенбі)

Тәрбиеші:Балалар математика оқу-қызметінде не үйренеміз?

Балалар:Математика оқу қызметімізде біз

сан,пішін,көлем,түстер,кеңестік,салмақ,апта күндері,уақытты бағдарлаумен танысамыз.

Санды немен белгілейміз?(цифрмен)

Цифрды біз не істейміз?(көреміз,жазамыз)

Тақта әдемі қуыршақ суреті ілініп тұрады

Тәрбиеші:Балалар Айман қуыршағымыздың моншақтары үзіліп қалып-ты.Біз қуыршаққа көмектесемізбе?

Қанекей бәріміз моншақты тізіп берейік.

1 ден 10 ға дейін тура және кері санау

Тәрбиеші:Балалар себетте қанша алма көріп тұрмыз?(5)

Ағашта неше жапырақ бар?(7)

Жеті атаны атау.

Сандар туралы санамақ

Бір дегенім – бесік,шықтық содан өсіп,

Екі деген – Елім,далам, тауым, көгім.

Үш дегенім – үміт,үміт артар жігіт.

Төрт дегенім – төзім, төзе білем өзім.

Бес дегенім – бақыт,бағалайтын уақыт.

Алты деген – ақыл,тыңдағаның мақұл.

Жеті деген – жалау,жүректегі алау.

Сегіз деген – сезім,серт беретін кезің.

Тоғыз деген – тоқтау,елдің жоғын жоқтау.

Он дегенім – Отан,қорға соны, ботам!

Сергіту сәті:(1-10 сандар)Музыка

Бәрекелді балалар,олай болса 3 топқа

бөлінейік(Алғырлар,Тапқырлар,Дарындылар)

Әр топтың басшылары өз ұрандарымен таныстырып өтсін.

1.Алғырлар тобы:Біз ақылды баламыз

Айтқан тілді аламыз.

Сабақты да жақсы оқып,

Мектепке де барамыз

2.Тапқырлар тобы:Біз әдепті баламыз

Оттай болып жанамыз

Сұрақ қойса ойланып

Дұрыс жауап табамыз

3.Дарындылар тобы:Біз дарынды баламыз

Ақылды біз боламыз

Есептерді жылдам

Шешімін біз табамыз

1-тапсырма

Логикалық мысал:Балалар сұрақтар қоямын,мұқият тыңдап зер салып жауап беруге тырысайық.(Белсенді қатысқан топты смайликпен бағалау)

1.Дүкеннен 2 доп алдым,1еуін ініме бердім.Менде неше доп қалды?

2.Екі бала шахматты 2 сағат ойнады,олардың әр қайсысы неше сағат ойнады?

3.Допты лақтырғанда,доп сол ізімен кері қайту үшін,оны қалай лақтыру керек?

4.Ағашта 5 құс отыр,оның 2еуі ұшып кетті.Қанша құс қалды?

5.Бөлмедегі әр бұрышта бір мысықтан және оған қарама-қарсы 3 мысықтан отырса,бөлмеде неше мысық бар?

6.Бес алманың біреуін досым сұрап алды,айтшы сонда нешеу өз қолымда қалды?

2-тапсырма

Балалар әр топ бір бірімізге жұмбақ жасырамыз

1.Ұйқыдан тұрамыз,беті қолымызды жуамыз,балабақшаға келеміз.Бұл қай кез болады?(Таңертең)

2.Күн батады,анамызды күтеміз.Бұл қай кез болады?(Кеш)

3.Сабақты да оқимыз,қыдырамыз,тамақ ішеміз.Бұл қай кез болады?(Күндіз)

Тәрбиеші: Менде сендергі жұмбақ жасырамын: Үйлерінде шам қызарып дем аласындар, әжеміз аналарымыз ертегі оқиды. Бұл қай кезде болады? (Түн)

3-тапсырма

Балалар саусақтарын қағазға салып 1 ден-10ға дейін сандарды жазу (1 мин)

Сергіту сәті: жаттығу

4-тапсырма

Достарыңның суретін салу

Ойын: Музыка (Тәрбиешімен бірге)

5-тапсырма

Суреттің жартысын салу

Эксперимент сәті

Қорытынды: Сұрақ-жауап

1. Балалар бүгінгі оқу қызметіміз сендерге ұнады ма?
2. Қандай сандармен таныстық?
3. Біз қуыршақ Айманға қалай көмектестік?